



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

жұмсаған.

2012 жылы «Ең үздік инновациялық жоба» номинациясында «Ең үздік кәсіпкер 2012» жеңісіне ие болған.

Қазақстандағы кәсіпкерлік бүгінде жаппай деңгейге көтеріліп отыр. Мұны 2001 - 2009 жж. аралығында заңды тұлғалардың шағын және орта бизнестің ұйымдық-құқықтық құрылымындағы үлесінің 1,8 есеге дейін қысқарғаны, ал жеке кәсіпкерлер үлесінің 1,4 есеге өскені жөніндегі мәліметтер растайды. Ал шағын және орта бизнес субъектілері шығаратын өнім көлемі 4 есе дерлік өскен. Сонымен қатар, кәсіпкердің беделі мен бет-бейнесі де бұқара халық арасында түбегейлі өзгерген. Сауалнама жүргізілген кәсіпкерлердің 75% астамы қоғамның бизнеске деген қатынасының едәуір жақсарғанына кәміл сеніп отыр. Көпшілік санасында «кәсіпкер дегеніміз – бұл алып-сатар», «бизнес әділ болмайды» деген сияқты стереотип жойылып барады.

Кәсіпкерлік қазақстандық қоғамның әлеуметтік өмірімен тығыз ұштасып кеткені көрініп тұр. Бұл дегеніміз, қазақстандық шағын бизнестің әлеуметтік-демографиялық портретінен - халықтың әлеуметтік-демографиялық құрылымының да көрінісін айқындауға болатынын білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.
2. www.stat.com.kz
3. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы

УДК338.2:331.556

КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Досжанова Акдидар Мәлсбековна

akdidardoszhan@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің ІІ-курс магистранты,

Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Е.К. Барлыков

Көші-қон адамдардың мемлекет ішінде және мемлекеттен тыс уақытша немесе тұрақты мерзімге қоныс аударуы. Яғни, ең алдымен «адамдық фактор». Көші-қон үрдісі адам жаратылысының басынан бастау алады. Қоғам, жаратылыс, өндіріс бар жерде міндетті түрде көші-қон үрдісі көрініс табады. Түрлі экономикалық, әлеуметтік және саяси себептермен көші-қон мемлекет ішінде және тысқары алмасып отырады. Бүгінгі таңда көші-қон үрдісіне қатысты түрлі пікір қалыптасқан. Көбінде сырттан келетін мигранттардың теріс әсерлері басымдық алады. Бір мемлекеттер көші-қон үрдістерінен оң өзгеріс алса, екінші мемлекеттерге көші-қон теріс әсер етуде. Мәселен, АҚШ пен Канада көші-қон үрдістерінен құрылған мемлекеттер болса, халқы қартайып бара жатқан Еуропалық Одақ мемлекеттері көші-қон саясаттарын қайта-қарастырып, жетілдіруде. Дегенмен, көші-қон үрдісі жойылмайтын және жалғасатын үрдіс болғандықтан, мемлекет өзінің экономикалық, саяси және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді көші-қон саясатын қалыптастыру қажет.

БҰҰ көші-қон бөлімінің зерттеу нәтижелеріне сәйкес, дүниежүзі бойынша халық саны 7 миллиард, соның ішінде 232 миллион халықаралық мигранттар құрайды. Мигранттардың басым бөлігі дамыған мемлекеттерге ағылуда. Жетекші мемлекеттердің ондығын АҚШ, Ресей Федерациясы, Германия, Сауд Арабия, БАӘ, Ұлыбритания, Франция, Канада, Австралия, Испания құрайды [1]. Қазақстан халық саны бойынша 16,606,878 (2014) халық

санымен 64 орында. Жер көлемі бойынша 2,725,119 км², дүниежүзі бойынша 9 орында [2]. Халық тығыздығы 6 адам/ км². АҚШ, Ресей мемлекеттерінде секілді заңсыз көші-қон ағымы жоғары емес, Қытай мен Үндістан мемлекеттеріндегідей ауқымды ішкі көші-қон мәселесі мемлекетімізде байқалмайды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан бастап көші-қон саясатын үш кезеңге бөлуге болады. Алғашқы 1990-1999 жылдар ауқымды эмиграция үрдісі, дезурбанизация, астананың ауысуымен сипатталады, 2000-2009 эмиграция үрдісінің төмендеуі және иммиграция үрдісінің өсімі және 2010 жылдан бүгінгі кезеңді қамтитын көші-қон үрдісіне тиімді өзгерістер жасалу кезеңі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетімізден көптеген ұлттардың орыстардың, немістердің және украин халықтарының көшіп кетуімен сипатталады. Эмиграцияның басым бөлігі Ресей, Германия және ТМД мемлекеттеріне қоныс аударды. Соның ішінде көптеген жоғары білікті мамандардың қоныс аударуы. 1999-2004 жылдар аралығында елімізден 3,3 миллионнан жоғары адам қоныс аударған [3]. Мемлекетіміз өзге ұлттарды орыстар мен немістерді ығыстыру саясатын жүргізді. Нәтижесінде көші-қон теріс сипат алды, яғни елге келушілерден елден қоныс аударушылардың саны басым болды. 1992 жылы қабылданған тәуелсіз елдің алғашқы «Иммиграция» туралы заңы шетелдегі қазақ диаспорасының елге оралуын қамтамасыз ететін, репатриация саясатын жүргізді. Орыс тілді аймақтардан қоныс аударған эмиграция салдарынан аймақтар арасында теңсіздік пайда болды, білікті жұмыс күші жетіспеді. 2000 жылдан бастап көші-қон үрдісі оң сипат ала бастады. Көші-қонның теріс айырмасы тұрақталды. 2004 жылы алғашқы рет 36 жыл ішінде көші-қонның оң айырмасы тіркеліп, 2,7 мың адамды құрады [4].

«Көші-қон туралы» ҚР Заңнамасына сәйкес, иммиграцияның келесі түрлері ажыратылады [5]:

1. тарихи отанына оралу мақсатымен
2. отбасымен қайта қосылу мақсатымен
3. білім алу мақсатымен
4. еңбек іс-әрекетін жүргізу мақсатымен
5. гуманитарлық және саяси себептермен

Жоғарыдағы иммиграция түрлерінің ішінен мемлекетімізде тарихи отанына оралу мен отбасымен қайта қосылу түрлеріне басымдық берілді. Көші-қон саясатының ішінде ең басымдық берілгені – шетелдегі қазақ азаматтарын қайта отанына оралу үрдісін ынталандыру болды.

Шетелден жұмыс күшін тарту арнайы квотамен реттелеп, аймақтар арасында бөлінеді. 2000 жылдардың басында халықаралық еңбек миграциясы елімізде негізгі көші-қон үрдісі ретінде қалыптаса бастады. 1990 жылдардағы ішкі және сыртқы еңбек миграциясына мемлекетіміздің азаматтарынан құралған болатын, 2000 жылдан бастап Қазақстан халықаралық еңбек мигранттарын қабылдайтын мемлекетке айналды [6]. Көші-қон дәрежесі бойынша Қазақстан мигранттардың қабылдайтын, жіберетін және транзит мемлекет болып табылады. Қазақстаннан негізгі көші-қон үрдісі – Ресей және Германия мемлекеттеріне тұрақты тұруға қоныс аудару үрдісі жатады. Еңбек миграциясын реттеу бойынша көші-қон саясаты жоғары білікті шетел мамандарын мемлекеттің стратегиялық басымды салаларына (нанотехнология, биотехнология, ақпараттық жүйелер, көлік және коммуникация және басқа да индустриалды-инновациялық қызмет салалары) тартуға бағытталған. Еңбек миграциясын мемлекеттік реттеуде басымдылық ішкі еңбек нарығын қорғауға беріледі.

Қазақстанның ерекшелігі – көбінде «айқын» болып табылатын, шекаралардың үлкен көлемде шектесуі. Шекараның барлық көлемі бойынша қарқынды шекаралық көші-қон көрініс табууда. Солтүстік аймақтарға Ресеймен, оңтүстік аймақтарға Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерімен көші-қон үрдістері байқалады.

2000 жылдардың басында Қазақстан Ресеймен бәсекелес еңбек нарығы ретінде көріне бастады. Бүгінгі таңда мемлекетіміз ақырындап жұмыс күшінің күрделі аймақтық қабылдаушысына айналууда. Дегенмен, шетелдік жұмыс күшіне қатысты шешілмеген және

жетілдірілмеген бірқатар мәселелер орын алуда. Атап айтқанда, әлеуметтік қамсыздандыру, зейнетақы мәселесі, жұмысшы мигранттардың балаларын бала-бақша және мектеп мекемелерімен қамсыздандыру, тегін медициналық көмек секілді ата заңда көрсетілген құқықтардың толық деңгейде қамтамасыз етілмеуі.

Қазіргі кезде білім алу саласындағы көші-қон айтарлықтай деңгейде жүргізілмеуде. Білім саласында елімізге шетелдің білімді жастарын тарту саясатын жетілдіріп, жүйелеу қажет. Мәселен, көптеген Еуропалық Одақ мемлекеттері білімді жастарды өз мемлекеттеріне тарту саясатын қарқынды жүргізуде. Түрлі жеңілдіктер, шәкіртақылар және несиелер беру арқылы, жас білім алушыларға оң жағдайлар қалыптастыруда. Мұндай саясаттың экономикалық және әлеуметтік жағымды жақтары өте үлкен.

Бүгінде елімізде көші-қон үрдісі келесі сипаттарда көрініс табуда:

- еңбек миграциясы көлемінің ұлғаюы;
- заңсыз миграция масштабтарының өсуі;
- босқындардың болуы;
- қарқынды ішкі көші-қон үрдісі.

Көші-қон саласын реттеу мен жетілдіру жолында Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілерді қабылдап, бірқатар халықаралық ұйымдарға мүше болып, адам құқықтары саласында 60 тан аса көпжақты әмбебап халықаралық келісім-шарттарды, соның ішінде БҰҰ 7 негізгі «адам құқықтарын қорғаудың халықаралық құралдары» деп аталатын құқық қорғаушы конвенцияларын ратификациялады.

- «Иммиграция туралы» ҚР Заңы – 1992;
- «ҚР азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы ҚР Заңы;

Нормативті-құқықтық актілер:

- «ҚР да шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы ҚР Президентінің Жарлығы;

- «Шетелдік және азаматтығы жоқ тұлғаларға саяси баспана беру тәртібі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі ҚР Президентінің Жарлығы;

- «ҚР азаматтығымен байланысты мәселелерді қарастыру тәртібі туралы» 1996 жылғы 27 қыркүйектегі ҚР Президентінің Жарлығы;

- «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясында демографиялық және көші-қон үрдісі ұлттық қауіпсіздіктің жетекші басымдықтарының қатарында ұсынылған;

- «Көші-қон туралы» 1997 жылғы ҚР Заңы;
- Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасы;
- 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы.

Оралмандарды және ішкі көші-қон үрдісін реттейтін құжаттар:

- ҚР – ның 2015 жылға дейін аймақтық дамуының стратегиясы;

- ҚР ауылдық аймақтары дамуының 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- ҚР 2010-2014 жылдарға арналған жылдамдатылған индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы;

- «Көші-қон туралы» 2011 жылғы ҚР Заңы.

Көші-қон үрдісін реттейтін халықаралық құқықтық негіздер:

- ҚР БҰҰ мүшелігі 1992ж;
- Адам құқықтары жөніндегі жалпыға ортақ декларация – 1948;
- Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық келісім – 1966;

Ратификацияланған құжаттар:

- Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция;

- Рассалық кемсітудің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция;

- Балалар құқықтары туралы конвенция;

- БҰҰ «Босқындардың құқықтық мәртебесі» туралы және т.б

2007-2015 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы қабылданды.

Тұжырымдама іріктемелі көші-қондық сипатта және үш кезеңге жіктеліп жүргізілді [7].

2008-2010 жылдары елімізде көші-қон үрдісін реттеудің біртұтас жүйеленген және сәйкестендірілген нормативті-құқықтық базасы қалыптастырылып, жетілдірілді;

2010-2012 жылдары көші-қон саласында жоғары білімді, инновациялы және инвестициялық әлеуеті бар мигранттарды тартуға негізделген іріктемелі көші-қон саясатын жүргізу жүйесі қалыптастырылды;

2013-2015 жылдары мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне сәйкес жұмысшы күші нарығы реттелетін болады.

ҚР Президентінің 2014 жылдың 16 қаңтарындағы Жарлығымен көші-қон үрдісін басқару жүйесі қайта құрылды [8]. Атап айтқанда:

1. ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне көші-қон саласы бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыру функциясы берілді;

2. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне көші-қон үрдісін реттеу мен бақылау саласында ведомство аралық координация мен шаралар жүйесін әзірлеу;

3. ҚР ПМ келесі қызметтер мен өкілдіктер берілді: заңсыз көші-қонның алдын-алу, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларды тіркеу мен есепке алу, олардың тұрақты және уақытша тұру құжаттарын, тұрақты қоныс аудару бойынша мемлекеттен кету бойынша құжаттарын әзірлеу, азаматтарды құжаттандыру, есепке алу және тіркеу, сандай-ақ босқындар мәселесі.

Көші-қон үрдісін жетілдіру мен халықаралық деңгейге сәйкестендіру мақсатында жаңа көші-қон тұжырымдамасы әзірленуде [9]. Көші-қон саясатын жетілдірудің жаңа әдістері қалыптастырылды. Негізгі бағыттары: өндіріс саласын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету, солтүстік және оңтүстік аймақтар арасында демографиялық және еңбек теңсіздігін жою, теңестіру және елімізге этникалық қазақтардың оралуын ынталандыру болып табылады. Тұжырымдамада негізгі ішкі, этникалық және сыртқы көші-қон бағыттары ажыратылады. Бірінші бағыт бойынша «Жұмыспен қамту жол бағдарламасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекетпен ұсынылатын әлеуметтік көмек кеңейтіледі. Өз еріктерімен мемлекеттің жұмыс күші артық аймақтарынан жұмыс күші жетіспейтін аймақтарға қоныс аударатын азаматтарға, мемлекет жұмысқа орналасуда және тұрғын үймен қамтамасыз етуде жәрдем береді, сонымен қатар, біржолғы (5 адамнан тұратын қоныс аударушы отбасына 190 ЕАК есебінен) жәрдем қаражат төленетін болады. Елімізде жұмыс күші мол аймақтар қатарына оңтүстік аймақтар және жұмыс күші аз аймақтарға солтүстік аймақтар жатады. Сыртқы көші-қон бағытын жетілдіру бойынша елімізде жоғары білікті мамандардың ашық нарығын қалыптастыру бойынша бірқатар механизмдер ұсынылуда. Тұжырымдама бойынша елге этникалық қазақтардың оралуы үшін ережелердің жүйеленуі мен жеңілдетілуі қарастырылған. Этникалық қазақтарға алғашқы міндетті тұру ықтияр хатын алу шарты бойынша, аймақтарға бөлу ерекшеліктеріне байланыссыз оралман дәрежесін беру шарттары қарастырылған. Шетелдік азаматтармен салыстырғанда этникалық қазақтар төлем қабілеттілігін дәлелдеусіз, көші-қон полицияларына өтініш білдіру арқылы тұрақты тұру ықтияр қағазын алуға мүмкіндік алатын болады.

Қорытынды: Қазақстан тәуелсіз мемлекет болуымен, әлемдік қоғамдастықтың тең мүшесі болғаннан кейін, адам құқықтары мен қоғамның демократиялануы саласында жұмыстың өзектілігін белсенді көрсетуде. Құқықтық шектер мен құқықтық механизмдерді қалыптастыруға барынша көңіл бөлінуде. Дегенмен, қалыптасқан тәжірибе көрсеткендей, Қазақстанда мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұымдардың көші-қон саласында қызметтері бойынша бірлік пен үйлесімділіктің төмендігімен сипатталады. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап алдымен экономика сосын саясат деп жүргізілген кезең, жаңа өзгерістермен сипатталуда. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен ішкі және сыртқы тұрақтылығына тікелей әсер ететін көші-қон үрдісіне мемлекет жете назар аударуы қажет. Қазіргі таңда, көші-қон үрдісіне мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінбегенімен, келер жылдарда көші-қон басты стратегиялық басымдықтардың бірі болатыны анық. Қазақстанның геосаяси жағдайы,

пайдалы ресурстары, жер көлемі, сонымен қатар көптеген екі жақты және көп-жақты сауда және басқа да келісім шарттары көптеген сыртқы көші-қон ағымын арттырады. Шетел тәжірибиесін және мемлекетіміздің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі заманғы ғаламтану шарттарына сәйкес, сонымен қатар, ұзақ мерзімді болашақты болжайтын тиімді көші-қон саясатын қалыптастыру қажет. Мемлекет өз-алдына жабық күйінде өз алдына қойған мақсаттарына жете алмайды. Демек, сырттан келетін көші-қоннан барынша тиімді әсерлері болатындай шаралар қажет. Жоғарғы білікті мамандарды шақыра отырып, отандық кадрларды қайта даярлау және отандық кадрлардың әлеуетін арттырып, бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату қажет. Көші-қон және демография саясатын қалыптастыруда сыртқы факторларды, атап айтқанда халық саны азайып бара жатқан және еңбек ресурстары қысқару үрдістері байқалатын Ресейді, сондай-ақ, артық жұмыс күші бар Қытай мен өзге де мемлекеттерді ескеру қажет. Еліміздегі қалыптасқан көші-қон үрдісін зерттей келе, көші-қон саласын мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша келесідей ұсыныстар беріледі:

1. Жоғары білікті мамандардың ашық нарығын қалыптастыру (Канада, Жаңа Зеландия, Сингапур мемлекеттерінің тәжірибиесі);
2. Ел халқы дамуының ұзақ мерзімді болжамын әзірлеу;
3. Кәсіби халық танушы мен көші-қон саласы мамандарының корпусын қалыптастыру;
4. Көші-қон үрдісін зерттеумен айналысатын ғылыми орталық құру;
5. Көші-қон кодексін қалыптастыру
6. Көші-қон саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп, жетілдіру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Department of Economic and Social Affairs. Population division. *Population facts*. №2003/2, September 2013
2. <http://www.worldometers.info/world-population/population-by-country/>
3. Шибутов М.М., «Обзор модели управления внешней миграцией в Республике Казахстан», Российский институт стратегических исследований, 18 января, 2015г.
4. Садовская Е., «Современная миграционная ситуация в казахстане: новые вызовы, новые решения», Байтерек, №12 (95) 2014г.
5. Халықтың көші-қоны туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: ЮРИСТ, 2011. – 28б.
6. Комиссия по правам человека при Президенте РК. Специальный доклад «О ситуации с правами мигрантов в РК». Под общей редакцией К.Султанова, Т.Абишева. Астана, 2013, - 159с.
7. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы №399 Жарлығы.
8. ҚР Президентінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы
9. http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/predstoyaschih-izmeneniyah-migratsionnoy-politike-kazahstana-rasskazali-mintruda-255519/

УДК. 336.711

О РОЛИ БАНКА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОМ РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ

Дунгенин Алишер

nngmath@mail.ru

студент 2 курса специальности «Финансы»экономического факультета
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – К.Ж.Садвокасова